

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру ережесіне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 8 қазан N 388. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 24 қазанда тіркелді. Тіркеу N 1660. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларының жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру ережесіне толықтыру бекітілсін және толықтыру мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Бағалы қағаздар рыногын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру ережесіне толықтыруды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы және Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру ережесіне толықтыру Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысатын өзін өзі

басқару ұйымдарына (оларға осы қаулымен өздерінің мүшелерін таныстыру міндетін жүктей отырып), "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамына, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетіне және кастодиан-банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 8 қ а з а н д а ғ ы
N 3 8 8 қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру ережесіне ТОЛЫҚТЫРУ

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) "Қазақстанның Даму Банкі" ЖАҚ-ның облигациялары - 5%-тен көп емес."

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы